

**6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Иманкулова Ляйля Болаткуловнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ШКІР**

Қазіргі таңда кәсіби білім беру кеңістігінде тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс атқара алатын, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, жан-жақты интеграциялық білімге құмар, өздігінен креативті зерттеу жүргізе білетін, жеке болмыстық сапасы жетілген, білім беруді зерттеушілік тұрғыдан ұйымдастыра білетін маман даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Ендеше, кәсіби білім беру жүйесі де әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және нәтижеге бағытталған білім моделінің стратегиялық дамыту жоспарына сәйкес құрылуымен ерекшеленуі тиіс. Осыған орай, аталған қажеттілікті жүзеге асыру мақсатында докторанттың «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы жұмысы өзекті екендігі байқалады. Ендеше аталған мәселенің өзектілігін айқындай келе Иманкулова Ляйля Болаткуловна ЖОО-да оқыту үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру мәселесіне тікелей арналған еңбектер жоқтың қасы екендігін өз жұмысында зерделеген. Сонымен қатар педагогтың кәсіби стандартының негізінде алынған зерттеушілік функцияның мәні мен мазмұны жан-жақты қарастырған.

Иманкулова Ляйля Болаткуловна әдебиеттерге талдау жасай отырып, зерттеушілік функциясының мәнін анықтап, «зерттеушілік функция» ұғымына анықтама беріп, маңызды компоненттері мен кезеңдерін анықталып, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі нақтылаған. Сондай –ақ диссертациялық зерттеу жұмысында студенттерінің зерттеушілік функциясын қалыптастырудың тұжырымдамалық ұстанымдары түзіліп, кәсіптік оқыту педагогының үлгісі жасалынып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасады. Ұсынылған модельдің бөліктері: мақсаты, мазмұндық, үдерістік, бағалаудан тұрады. Мақсатты бөлік бойынша оқу үрдісіндегі зерттеу функциясы, оқудан тыс зерттеу функциясы, инновациялық зерттеу функциясын құраған. Мазмұндық бөлікте зерттеушілік функциясын қалыптастыру компоненттері мен критерийлері және педагогикалық шарттары анықталған. Докторант диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі мен практикалық маңыздылығы зерттеу мекемелеріндегі эксперименттік жұмыс барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогының зерттеушілік функциясын қалыптастыру модельінің

Сонымен қатар, зерттеу әдіснамасының қойылған проблемаға сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық сипатының теориялық тұрғыда жан-жақты зерделенген.

Л.Б.Иманкулованың диссертациялық зерттеуі бойынша алған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жеке басының дамуына сәйкестілігін көрсете отырып, кәсіби білім беру саласындағы жаңалықтарды жан-жақты зерттеп, жүйелеуге құзыретті маман даярлаудың әдістемелік жүйесін құрастырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыру нәтижесінде студенттерді түрлі халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық конкурстарға қатыстырып, жүлделі орындар алған.

Сондықтан да, бұл тұста диссертациялық жұмысты зерттеу барысында болашақ педагогтарды түрлі конкурстарға қатыстырып, жүлделі орындар мен марапаттар алудың өзі докторанттың қойылған мәселелерді түсінуінің тереңдігін айғақтап ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы жеткілікті түрде ойластырылған және жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетіндігін аңғартады.

Айта кететін жайт зерттеу міндеттерін шешу барысында автор сенімді мәліметтер алу үшін қажетті күрделі зерттеу әдістерді пайдаланып, кейстік тапсырмалар құрастырып оқу құралы мен электронды оқу құралын ұсынған. Л.Б.Иманкулова зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен, бірізділігімен ерекшеленеді. Әр бөлім мазмұнды байланыспен ұштасқан. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді тұжырымдалған. Докторанттың жұмысы кәсіптік білім, педагогика, психология ғылымдарының теориясы мен практикасына қосқан сүбелі үлесі деп тұжырымдауға болады. Өйткені бұл жұмыста бүгінгі қоғам талабына сәйкес болашақ педагогтың зерттеушілік функциясы педагогикалық, психологиялық әдістемелік тұрғыда тиімді зерделенген. Докторанттың зерттеу қорытындылары бойынша 32 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми жұмыс жарық көрген.

Жалпы қорытындылай келе, докторант алға қойған міндеттерінің шешімін толық тауып, зерттеуде алынған нәтижелер мен қорғауға ұсынған ережелері ғылыми негізделген және эксперимент түрде расталған деп айтуға болады. Иманкулова Ляйля Болаткуловнаның қорғауға ұсынған диссертациялық жұмысы аяқталған зерттеу еңбегі болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмысына қойылатын барлық талаптарға сай келеді. Осыған байланысты мен Л.Б.Иманкулованы 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университеті» педагогика ғылымдарының  
докторы, профессоры



С.А.Жолдасбекова